

**"SmartCard-пен сатып алғаны үшін Smart сыйлық" науқанының ережелері**

1. Осы Ережелерде "SmartCard-пен сатып алғаны үшін Smart сыйлық" науқанын (бұдан әрі - "Науқан") өткізу тәртібі мен талаптары анықталады.
2. Науқан жеңімпаздары осы Ережелерде баяндалған өлшемдерге сәйкес айқындалатын болады.
3. Науқанды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі 56 мекенжайында орналасқан "Еуразиялық банк" АҚ (БСН 950240000112) (бұдан әрі – "Банк") болып табылады.
4. Науқан "Ойын бизнесі туралы" ҚР Заңына және "Лотереялар және лотереялық қызмет туралы" ҚР Заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
5. Науқанға қатысу үшін ақы алынбайды.
6. Науқанға Науқан жеңімпаздарын анықтау үшін базаны қалыптастыру күніне және жүлдені тапсыру күніне SmartCard шоты бойынша қойылған шектеулер, мерзімі кешіктірілген берешек болмау талабымен SmartCard ұстаушылары қатысады. Науқанға Банктің қызметкерлері, Банкпен айрықша қатынастағы тұлғалар қатыспайды.
7. Науқан бойынша сыйлық:

№	Жұлденің атауы	Жеңімпаздар саны (Науқанның барлық кезеңіндегі)	Қатысу талаптары (Жиынтығында Науқанды өткізудің әрбір екі аптасы ішінде жасалған тауарлар мен қызметтерді сатып алу операцияларының сомасы)
1	Смартфон	8	400 000 теңгеден басталатын және одан жоғары транзакциялар
2	Смарт-сағаттар	8	200 000-нан бастап 400 000 теңгеге дейінгі транзакциялар
3	Құлаққаптар	8	100 000-нан бастап 200 000 теңгеге дейінгі транзакциялар

**Ұтыс ойындарын өткізу кестесі:**

Кезең №	Ұтыс ойынының күні	Жұлде	Келесі мерзім ішіндегі транзакциялар қатысады
1	11.01.2024	Ұтыс ойынының аптасында гаджеттердің екі түрі ойнатылады Смартфондар \ Смарт-сағаттар \ Құлаққаптар	15.12.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейін
2	25.01.2024		01.01.2024 ж. бастап 15.01.2024 ж. дейін
3	08.02.2024		16.01.2024 ж. бастап 31.01.2024 ж. дейін
4	22.02.2024		01.02.2024 ж. бастап 15.02.2024 ж. дейін

8. Науқанды өткізу кезеңі: 2023 жылғы 15 желтоқсан күні 00 сағат 00 минуттан бастап 2024 жылғы 15 ақпан күні 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан әрі - "Науқан кезеңі").
9. Науқанға қатысу талаптары:
  - 9.1. Науқанға қатысушылар – Науқан жеңімпаздарын анықтау үшін базаны қалыптастыру күніне және жүлдені тапсыру күніне SmartCard шоты бойынша қойылған шектеулер, мерзімі кешіктірілген берешек болмау талабымен, бөліп төлеу және жаңартпалы кредит опциясымен Кредит лимиті бар – SmartCard төлем картасының

- ұстаушылары. Науқанға Банктің қызметкерлері, Банкпен айрықша қатынастағы тұлғалар қатыспайды.
- 9.2. Науқанға қатысу талаптары – Науқанды өткізу кезеңінде бөліп төлеу және жаңартпалы кредит опциясымен Кредит лимиті бар – SmartCard қолданыстағы төлем картасын пайдалана отырып тауарлар мен қызметтерді сатып алу операциясын жасау:
- Сатып алулар саны шектелмеген;
  - Жиынтығында Науқанды өткізудің әрбір екі аптасы ішінде жасалған тауарлар мен қызметтерді сатып алу операцияларының сомалары ескеріледі.
- 9.3. Жұлденің ұтыс ойыны және жеңімпазды таңдау екі аптада бір рет жүзеге асырылады, онда Науқан бойынша жұлденің әр түрі үшін екі жеңімпаз анықталады;
- 9.4. Науқан жеңімпазы Банктің басқа Науқандарына қатыса алады, бірақ осы Науқанның жеңімпазы тек бір рет қана бола алады.
- 9.5. Науқанға негізгі және қосымша карталардың ұстаушылары қатысады, бұл ретте бұрын Науқан бойынша негізгі немесе қосымша картаның ұстаушысы Жеңімпаз болып айқындалған жағдайларда мұндай карталар жұлденің кейінгі ұтыс ойындарына қатыспайды;
- 9.6. Науқан жеңімпаздарын анықтау үшін базаға қаржылық құжат алынған (операцияны растау фактісі) және Науқанды өткізудің нақты екі аптасында жүргізілген сатып алу операциялары енгізіледі (яғни, Науқанның әр екі аптасының соңында Науқанға қатысушылардың базасы айқындалады).
- 9.7. Науқанға келесі транзакциялар қатыспайды:
- ақшаны алу және аудару бойынша;
  - АТМ қызметтеріне ақы төлеу бойынша;
  - Smartbank интернет банкингіндегі операциялар бойынша;
  - кедендік төлемдер, лотереялар, казино, электрондық ақшаны сатып алу.
10. Науқан жеңімпаздарын анықтауды (бір негізгі және екі резервтік) Банк қатысушы транзакциялар тізімі арасында, арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен карта бойынша транзакциялардың реттік референс-нөмірін кездейсоқ таңдау әдісімен, осы Ережелердің талаптарын толық орындаған Науқанға Қатысушылар арасында жүргізеді.
11. Науқанның Қатысушылары арасында ұтыс ойынын өткізу үшін кемінде Банк қызметкерлерінің 3 (үш) мүшесінен тұратын комиссия құрылады.
12. Комиссия мүшелерінің атқарымдарына келесілер кіреді:
- Науқанның жұлде қорының ұтыс ойынын өткізу;
  - жеңімпаздардың резервтік тізімін жасау;
  - жеңімпаздарды көрсетумен тиісті хаттамаға қол қою арқылы ұтыс ойынын өткізудің нәтижелерін растау.
13. Банк Жеңімпаздарды осы Ережелердің 10-тармағына сәйкес Жеңімпаздар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде клиентпен негізгі байланыс арнасы (ұялы телефон/мессенджер) арқылы ұтыстар туралы хабардар етеді.
14. Егер Жеңімпаз Банктің қоңырауларына/ хабарламаларына 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе Жұлдеден бас тартса, Банк бірінші қосалқы жеңімпазға, ал бірінші қосалқы жеңімпазға хабарласу мүмкін болмаған жағдайда екінші қосалқы жеңімпазға хабарласады және осылай жалғаса береді.
15. Жұлделердің ақшалай баламасы берілмейді.
16. Науқан, Науқанның елеулі өзгерістері туралы ақпарат және өзге де ақпарат Банктің [www.eubank.kz](http://www.eubank.kz) сайтында және Банктің әлеуметтік желілерінде орналастырылады.
17. Банк Науқанның мерзімдерін, талаптарын, жұлде қорын кез келген уақытта толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ Науқанның өткізілуін толықтай немесе бөлігін өз қалауы

бойынша тоқтатуға, уақытша тоқтата тұруға, жоюға, бұл туралы Науқанға Қатысушыларды осы Ережелерде айқындалған тәсілмен ҚР қолданыстағы заңнамаға сәйкес хабардар ете отырып құқылы.

18. Банк Науқанға Қатысушының қателіктерінің, соның ішінде соңғының шығындарының салдары үшін жауапкершілікте болмайды.
19. Науқанға Қатысушының Науқанға қатысуға байланысты өз құқықтарын (оның ішінде Жүлде алу құқықтарын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.
20. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Банктің Науқан бойынша шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.
21. Банк осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда және даулы жағдайлар туындаған кезде Науқанға қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе өзге де байланыстарға түспеу құқығын өзіне қалдырады.
22. Осы Ережелерде көзделмеген жағдайларда түпкілікті шешімді Банк қабылдайды.
23. Науқанға қатысуға, ұтыс ойындарын өткізуге және басқа да мәселелер туындаған кезде Науқанға Қатысушы [reklama@eubank.kz](mailto:reklama@eubank.kz) электронды мекенжайына хат жаза отырып, Банкке жүгіне алады. Банк жауап хатты Науқанға Қатысушыдан өтініш хатты алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жолдайды.
24. Осы Ереже Науқанның ресми құжаты болып табылады.